

**«Жас картингші» үйірмесінің
2015-2016 жылына арналған
бағдарламасы**

Автор-құрастырушы: Ә.М.Махимов

2015 жыл

Түсінік хат

“Жас картингші” үйірмесіндегі сабақтар техникалық білім алу және техникамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру түрі ретінде оқушыларға қызықты. Қоғамның заманауи техникаларын толық мәнді меңгерген техникалық білімі бар мамандарға және техникалық мамандығы бар жұмысшыларға мұқтаж уақытында, техникалық үйірмелер, соның ішінде картинг үйірмесі оқушылардың механизмдермен жұмыс жасау дағдыларын игеруге және ғылыми техникалық шығармашылықты дамытуға септігін тигізбек. Үйірмедегі сабақтар балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады, еңбекке және өз бетімен жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастырады, өмірде және қоғамда өз орнын табуға көмектеседі.

Оқу жылының барысында оқушылар әр түрлі көрмелер мен жарыстарға қатысады.

«Жас картингші» үйірмесінің мақсаты мен міндеттері:

Үйірменің негізгі мақсаты:

- Ғылыми техникалық шығармашылық пен құрастырушылық ойлау қабілетін дамыту;
- Дүниетанымды кеңейту мақсатында картингтің даму тарихымен танысу;
- Картингтің бөлшектерімен танысу және картингке техникалық қызмет көрсетуі;
- Жол қозғалысы ережесін оқып үйрену;
- Картингті жүргізе білуге жаттығу.

Күтілетін нәтижелер

Оқушылар мынаны білуі қажет:

- картингтің жалпы құрылысын,
- картинг құрылысында қолданылатын материалдардың қасиеті,
- жұмыстарда қолданатын құралдар,
- құралдармен жұмыс істеу кезіндегі техникалық қауіпсіздік,
- сызу негіздері.

Оқушылар мынаны игеруі қажет:

- жұмыс құралдары мен материалдарын дайындау,

- материалдар мен құралдарды дұрыс пайдалану,
- картингтің техникалық қызметі мен жөндеуге байланысты жұмыстарды орындау;

2014-2015 оқу жылына тақырыптық жоспар

| № | Тақырып | Сағат саны | Теория | Практика |
|-----|---|------------|--------|----------|
| 1. | Кіріспе сабақ | 2 | 2 | - |
| 2. | Картингтің жалпы құрылысы | 6 | 2 | 4 |
| 3. | Картинг қозғалтқышының жалпы құрылысы | 12 | 2 | 10 |
| 4. | Картингті жүргізіп үйрену | 26 | 2 | 24 |
| 5. | Техникалық құрастыру негіздері | 20 | 4 | 16 |
| 6. | Картинг және қозғалтқыш бойынша оқу көрнекілік құралдар | 14 | 2 | 12 |
| 7. | Жол қозғалысының ережелері | 14 | 2 | 12 |
| 8. | Картингтегі спорттық жүрістерге жаттығу | 28 | 4 | 24 |
| 9. | Облыстық жарыстарға дайындалу | 10 | 2 | 8 |
| 10. | Жарысты ұйымдастыру және жүргізу | 8 | 2 | 6 |
| 11. | Қорытынды сабақтар | 4 | 2 | 2 |
| | Барлығы: | 144 | 26 | 118 |

Жас картингші үйірмесінің бағдарламасы

1. Кіріспе сабақ

Автомобиль тарихы және оның маңызы. Жаңа заманғы автомобиль құрастыру және даму жетістіктері. Автомобиль қозғалтқыштары (бу, газ генераторлық, электр, инерциялық, газ турбиналы және сырттан жану) , олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Картинг автомобиль спортының бағыты, мақсаты мен міндеті, үйірме жұмыс мазмұны.

2. Автомобильдің жалпы құрылғысы

Автомобильдің жіктелуі. Автомобильдің негізгі бөліктері, қызметі, орналасуы, үйлесімділігі. Автомобильдің рамалы және рамасыз конструкциялары. Автомобильді басқару механизмі. Рульді трапиция. Жеңіл және жүк автокөліктерін рөльді басқару.

3. Мотоциклды қозғалтқыштың жалпы құрылысы

Екі тактылы қозғалтқыштың жұмыс істеу принципі. Тактыны анықтау. Екі тактылы жұмыс циклы. Газ таралу фазалары. Қисық шипты шатунды механизм, қызметі, жұмысы. Тасымал қорабы. Тасымал саны туралы түсінік. Электр қондырғысының жүйесі: генератор, батареялы жағу, магнето, май шам, оны жағудың алдын алу. Камиль саны, қоректену жүйесі. Карбюратор, қондырғысы, жұмысы. Жұмысшы қоспаның түзілуі, оның мөлшері мен сапасы.

4. Автомобиль жарысы. Картинг бойынша жарыс ережелері.

Кіріспе нұсқаулық. Автомобиль спортының түрлері, олардың мәні. Спорттық атақтар және оларды беру тәртібінің разрядтары. Жарысты өткізу тәртібі, қазылар алқасы, қауіпсіздік ережелері, санитарлық гигиена ережесі.

5. Картингті айдап үйрену.

Кіріспе нұсқаулық. Трасса белгісінің бойымен жүру кезегімен танысу. Жылдамдықтарды қосу рычагының күйі.

Практикалық сабақ. Картты айдау бойынша жаттығуларды орындау: жүргізушіні отырғызу, рөлдік дөңгелекте қолды дұрыс ұстау ережесі, тасымалдың қосылу рычагын, педальды теру. Қозғалтқышты қосу, қозғалмайтын карттағы орыннан қозғалу және тоқтау жұмысы, қозғалмайтын карттағы тасымалды қосу, орыннан қозғалу және тоқтау. Бірінші тасымалдағы қозғалу, тура бағытта жүру, төменгі тасымалға ауысу, қозғалысты қосу сәті, старт; тоқтау тәсілдері; картты заностан шығару; ллкен жылдамдықты қозғалыстардан өту.

6. Техникалық конструкциялау негіздері

Техникалық құрылғыларды құрастыру және жобалау туралы түсінік. Техникалық тапсырма. Құрастыру сатылары. Мамандармен консультация жүргізу. Техникалық есептеу. Техникалық құжаттарды безендіру ережелері. Құрастыру материалдарын бақылау, өлшеу құралдары, инструменттер туралы түсінік. Дәлдік және тазы туралы алық. Жеке бөлшектерді дайындау технология туралы түсінік.

Практикалық жұмыс. Карттың құралдары мен бөлшектерін жобалау және құрастыру. Техникалық суреттер, эскиздер, сызбалар жасау. Техникалық құжаттарды безендіру.

7. Жол қозғалысы ережелері. Жас қозғалыс инспекторлары.

Көрнекі құралдардың жіктелуі. Транспорт құралдарының техникалық жағдайына қойылатын талаптар. Түзетілмеген транспортты қолданудың қауіпті әсері. Рулдік басқарудың тежегіштердің, шиналардың, жарық құралдарының техникалық күйі бойынша талаптар. Қозғалу жағдайы, жүрілген бөлікті белгілеу. Транспорт құралдарының қозғалу түрлері. Көрсетушілер қызметі әсері. Басқарылатын және басқарылмайтын қиылыстарда жүру. Бағдаршам мен реттеушілер сигналы. Жол белгілері және қызметі, жіктелуі. Қосымша нұсқаулар.

Практикалық жұмыс. Бағдаршам мен реттеуші белгісі бар аймақта картта жүру. Практикалық есептерді қозғалыс қауіпсіздігі бойынша шығару.

8. Экскурсиялар

Оқушылар автошаруашылық жұмыстарымен, жол полициясының облыстық және қалалық бөлімдерімен танысу.

9. Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу

Жарыстарды өткізу ережесі және тәртібі. Жарыс өткізу орнын дайындау және безендіру. Жарыстағы қауіпсіздік ережелері. Практикалық жұмыс. Жарысқа дайындалу және қатысу.

10. Қорытынды сабақ және техникалық конференциялар

Үйірме жұмысының қорытындысын жасау. Қонақтар мен оқушылардың сөз сөйлеуі. Жақсы үйірмешілерді марапаттау. Жаз мезгілінде жұмыс бойынша нұсқаулар.

11. Қорытынды сабақ.

Қонақтар мен оқушылардың сөйлесуі. Жазғы мезгілде жұмыс істеу бойынша ұсыныстар.

2014-2015 оқу жылына тақырыптық-күнтізбелік жоспар

«Жас картингші» үйірмесі

| № | Сабақтар мазмұны | Сағат саны | Практикалық сабақ | Теориялық сабақ | Өткізу күні |
|----|---|------------|-------------------|-----------------|-------------|
| 1. | КІРІСПЕ САБАҚ. | 2 | - | 2 | |
| | Картинг үйірмесінің мақсаты мен міндеттері. Картинг тарихы. Картинг автоспорт бағытында. | | | 2 | |
| 2. | КАРТИНГТІҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫСЫ. | 6 | 4 | 2 | |
| | Картингті жөндеу жұмыстары кезінде және жарыс кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулық. | | | 2 | |
| | Картингтің түрлері, олардың қызметі, орналасуы. | | 2 | | |
| | Картингтің негізгі бөлшектері. | | 2 | | |
| 3. | Мотоцикл қозғалтқышының жалпы құрылысы. | 12 | 10 | 2 | |
| | Қозғалтқыштың негізгі бөліктері. Екі тактілі қозғалтқыштың жұмыс жасау принципі. | | | 2 | |
| | Такті анықтау. Екі тактылы жұмыс циклы. | | 2 | | |
| | Қисық шипті шатунды механизм. Тасымал қорабы. | | 2 | | |
| | Тасымал саны туралы түсінік. Электр қондырғысы жүйесі. | | 2 | | |
| | Камиль саны. Қоректену жүйесі. Қозғалтқышты жинау, құрастыру. Картер жамылғысын дайындау. | | 2 | | |
| | Тұтанудың алдын алу қондырғысы. Карбюраторды жинап, құрастыру. Қателіктері анықтау және жою әдістері. | | 2 | | |

| | | | | | |
|----|---|----|--------|---|--|
| 4. | Картингті айдап үйрену | 26 | 24 | 2 | |
| | Жөндеу жұмыстарын орындау, дайындау. Жарыс кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелері | | | 2 | |
| | Жанар-жағар май, өртсөндіруішпен танысу. | | 2 | | |
| | Жүргізушінің дұрыс отыруы. Қозғалытқышты іске қосу. | | 2 | | |
| | Орыннан қозғалу және картингтің тежегіші.. | | 2 | | |
| | Қозғалмайтын картта тасымалдауды қосу. Бірінші тасымалдағы қозғалу. | | 2 | | |
| | Орыннан қозғалу және тежеу. | | 2 | | |
| | Тура бағытта жүрісті үдету. Қозғалтқышты іске қосуға жаттығу. | | 2 | | |
| | Старт. Старт техникасын меңгеруге жаттығу. | | 2 | | |
| | Тоқтау тәсілдері. Картты заностан шығару. | | 2 | | |
| | Жәй жылдамдықтағы қозғалыстан өту. Маневрлеу. | | 2 | | |
| | Жоғары жылдамдықтағы қозғалыстардан өту. | | 2 | | |
| | Бұрылыста тоқтау. S – тәрізді бұрылыстарды орындау.. Күрделі бұрылыстарды орындау.. | | 2 2 | | |
| | Бұрылыстарда жүргізу техникасын меңгеру. Тасымалдауды қосу техникасын меңгеру. | | 2 | | |
| 5. | Техникалық құрастыру негіздері. | 20 | 16 | 4 | |
| | Техникалық құрастыру туралы түсінік. | | | 2 | |
| | Құрастыру сатылары. Техникалық есептеулер. | | | 2 | |
| | Техникалық құжаттарды безендіру ережесі. | | 2 | | |
| | Құрастыру материалдар туралы түсінік. | | 2 | | |
| | Бақылау өлшеу құралдары. Құралдар. | | 2 | | |

| | | | | | |
|----|--|----|----|---|--|
| | Дәлдік және тазалық. Кейбір бөлшектерді дайындау технологиясы туралы түсінік. | | 2 | | |
| | Картинг құрылысын оқып үйрену. Картингке қойылатын талаптар. | | 2 | | |
| | Картинг кластары. Картингтің негізгі бөліктері. | | 2 | | |
| | Картингтің кейбір бөлшектерінің құрылысы. | | 2 | | |
| | Техникалық суреттер, эскиздер, сызбалар жасау. | | 2 | | |
| 6. | Оқу көрнекілік құралдары. | 14 | 12 | 2 | |
| | Көрнекі құралдарға қойылатын талаптар. Олардың жіктелуі. | | | 2 | |
| | Қондырғылар, инструкциялар, материалдар тәсілдері бойынша жұмыстар тізімі. | | 2 | | |
| | Оқу кестелерін, нұсқау техникалық картасын құрастыру. | | 2 | | |
| | Екі тактілі қозғалтқыштың жұмыс процесінің суретін жасау. | | 2 | | |
| | Тұтанудың электронды жүйесінің схемасы. | | 2 | | |
| | Дидактикалық материалдарды өңдеу. | | 2 | | |
| | Жол қозғалысы ережелері бойынша жол белгілерін дайындау. | | 2 | | |
| 7. | Жол қозғалысының ережелері. | 14 | 12 | 2 | |
| | Жол қозғалысының жалпы ережелері. | | | 2 | |
| | Транспорттық көлік қозғалыстарының түрлері. | | 2 | | |
| | Жол белгілері, қызметі, жіктелуі. Бағдаршам сигналдары. | | 2 | | |
| | Реттелетін және реттелмейтін қиылыстар. | | 2 | | |
| | Реттеуші. Жаяу жүру, жүргізушінің жол қауіпсіздігі бойынша жалпы ережелер. | | 2 | | |
| | Ақауы бар көлікті қолданудың салдары. | | 2 | | |

| | | | | | |
|----|--|----|----|---|--|
| | Белгілер мен реттеуіштермен жабдықталған трасса бойымен қозғалу. | | 2 | | |
| 8. | Картингте спорттық-дайындалу жүрістері | 28 | 24 | 4 | |
| | Картингтің техникалық жай-күйі, оқушылардың орналасуы, киімі, денсаулығына байланысты қауіпсіздік шаралары. | | | 2 | |
| | Медициналық және өртке қарсы қамтамсыз ету бойынша қауіпсіздік шаралары. | | | 2 | |
| | Картингтің спорттық-дайындалу жүрісі үшін трассаны таңдау. | | 2 | | |
| | Жүргізушіні отырғызу. Қозғалтқышты қосу. | | 2 | | |
| | Қозғалмайтын картта тасымалды қосу. | | 2 | | |
| | Орыннан қозғалу және тоқтау. Бірінші тасымалдағы қозғалыс. | | 2 | | |
| | Тура бағытты қуу. Старт техникасын өңдеу. | | 2 | | |
| | Төменгі тасымалға ауысу. Тоқтау және газға басу. | | 2 | | |
| | Трассадағы қуып жету техникасы мен тәсілдері. | | 2 | | |
| | Әр түрлі радиустағы және бағыттағы бұрылыстары бар трассаны теру техникасы. | | 2 | | |
| | Старттан кейінгі орынды таңдау. Жылдамдық бұрылысын бір қолмен игеру. | | 2 | | |
| | Басқару зонасындағы қозғалу. Картты айдау техникасын өңдеу. | | 2 | | |
| | Картты фигуралы айдау үшін жабдықталған аумақтағы қозғалыс және маневрлеу. Старт, және тактикасы. қуып жету, аяқтау техникасы | | 2 | | |
| 9. | Облыстық жарыстарға дайындау. | 10 | 8 | 2 | |
| | Карттың техникалық қызмет көрсетуі мен реттелуі, жөнделуі. | | | 2 | |
| | ГСМ жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. | | 2 | | |

| | | | | | |
|----|--|---|---|---|--|
| | Картинг бойынша жарыс ережелері. Автомобильді спорт түрлері, қызметі. | | 2 | | |
| | Картта жүру әдістерін жасау. Трассаның жеке аймақтарын жүріп өту техникасы. | | 2 | | |
| | Жалпы физикалық дайындық. Трансмиссиялық тасымал қатынасының өзгеруі. Карбюатордың шығу жүйесінің реттелуі. Топтық команда құрау. | | 2 | | |
| 10 | Жарысты ұйымдастыру және өткізу. | 8 | 6 | 2 | |
| | Жарыстың өткізу тәртібі. | | | 2 | |
| | Трассаның орналасу ұзындығы. Жарысқа қатысатын карттар класы және топтары. | | 2 | | |
| | Жарысты ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік шарасы. | | 2 | | |
| | Трассаны жарысқа дайындау. Жарнамалық ширттер, афишалар жасау. | | 2 | | |
| 11 | Қорытынды сабақ. | 4 | 2 | 2 | |
| | Қонақтар мен оқушылардың сөйлесуі. | | | 2 | |
| | Жазғы мезгілде жұмыс істеу бойынша ұсыныстар. | | 2 | | |

Пайдаланылған әдебиеттер.

- «КАРТИНГ. ОТ АЗОВ К МАСТЕРСТВУ И ТВОРЧЕСТВУ» Илюхина А.А 2011
«Автомобиль карт» Ерецкий М. И.. - М.: ДОСААФ, 1976
Картинг.- Рихтер Т., М.: Машиностроение, 1988
Сингуринди Э. Г. Автомобильный спорт. - Москва ДОСААФ, 1982
Картинг - спорт юных. - Уриханян Х. П. Москва ДОСААФ, 1988
Автомобильный и мотоциклетный кружки. - Орлов Ю. Б. Москва Просвещение, 1988
Автомобильный спорт. Правила соревнований. - М.: ДОСААФ, 1987